

Бородулиха ауданы Новопокровка ауылдық округінің Сарноғай ауылында шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 28 қыркүйектегі N 496 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 15 қазанда N 2704 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 13 желтоқсандағы N 545 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің 2012.12.13 N 545 қаулысымен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабы 1-тармағының 18) тармақшасы, «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-бабы 2-тармағының 9) тармақшасы, Бородулиха ауданының бас мемлекеттік ветеринарлық инспекторының 2012 жылғы 18 қыркүйектегі № 344 ұсынысы негізінде, Бородулиха ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бородулиха ауданы Новопокровка ауылдық округінің Сарноғай ауылында иттер арасында құтыру ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимі белгіленсін.

2. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринарлық бақылау және қадағалау комитеті Бородулиха аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің бастығына (Т. Қадыровка), сонымен қатар Шығыс Қазақстан облысы бойынша санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау Департаменті Бородулиха ауданы бойынша мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы мемлекеттік мекемесінің бастығына (Ғ. Сүлейменовке) тиісті іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. А. Нұрғожинға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Г. Акулов

К е л і с і л д і :

«Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігінің
Ветеринарлық бақылау және
қадағалау комитеті Бородулиха
аудандық аумақтық инспекциясы» ММ бастығы Т. Қадыров
2012 жыл 28 қыркүйек

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық
қадағалау комитетінің Шығыс Қазақстан
облысы бойынша Департаменті
Бородулиха ауданы бойынша мемлекеттік
санитарлық-эпидемиологиялық
қадағалау басқармасының бастығы Ғ. Сүлейменов
2012 жыл 28 қыркүйек